

Хаттама № 1

Оқу-әдістемелік бірлестіктің «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» бейіні бойынша отырысы.

Мамандықтар: 05220100 «Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша)»; 05220200 «Табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану (салалар бойынша)»; 08210100 «Орман шаруашылығы»; 08210200 «Аңшылықтану және аң өсіру»; 08110600 «Ара шаруашылығы және жібек шаруашылығы»; 08120100 «Бау-бақша және саябақ шаруашылығы» Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі» МКҚК.

2025 жылы 18 қарашасында

Щучинск қаласы

Сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/84758864945?pwd=J0WpinE6j3e3aANTjL4Cb0A4a3Wpf9.1>

Қатысты:

ОӘБ Төрағасы: Кожиков А.М.

ОӘБ жөніндегі басшысының орынбасары: Семкина Н.В.

ОӘБ әдіскері: Казакова Л.С.

Аудармашы: Жангужина Ы.Б.

Арнайы пәндер оқытушылары: Ермоленко Н.Д., Ахметова Х.Н., Оспанова А.К., Жапарова А.Б., Сеитова А.К., Темирбулатова А.Б., Адаева Д.С., Эбель А.В.

ОӘБ құрамына кіретін колледждердің өкілдері: «Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі» МКҚК, «Абай көпбейінді колледжі» КМҚК, «Бөрлі колледжі» МКҚК, «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК, «Жәлел Қизатов атындағы Жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК, «Қостанай әлеуметтік-техникалық колледжі» мекемесі, «Павлодар технологиялық колледжі» ШЖҚ КМК, Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Жоғары ветеринария және биотехнология колледжі» МКҚК, «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ КМК.

Повестка дня:

1. «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу;
Семкина Н.В., ОӘБ жөніндегі басшысының орынбасары
2. 2025-2026 оқу жылының бірінші тоқсанында өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат;
Казакова Л.С., ОӘБ әдіскері
3. ОӘБ құрамына кіретін мамандықтар бойынша колледждердің дерекқорын (педагогтардың сапалық құрамы, әлеуметтік әріптестер, жұмысқа орналасу және т.б.) қалыптастыру мәселесін қарастыру;
Семкина Н.В., ОӘБ жөніндегі басшысының орынбасары
4. Әр түрлі

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» оқу-әдістемелік бірлестігі (ОӘБ) басшысының орынбасары Н.В. Семкинаның баяндамасы тыңдалды. «Жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі» (Щучинск) МКҚК жанындағы «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» бейіні бойынша ОӘБ-нің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары төрт негізгі бағытты қамтиды: ұйымдастыру-талдау жұмысы (негізгі назар ОӘБ қызметін жоспарлауға, есеп беруге және басқаруға аударылады), оқу-әдістемелік сүйемелдеу (бұл бөлім білім беру материалдары мен бағдарламаларын әзірлеуге, талдауға және енгізуге бағытталған), техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) ұйымдарымен өзара әрекеттесу (бұл блок бейінді колледждердің жұмысын үйлестіруге, іс-шаралар мен конкурстар өткізуге, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру жұмысына арналған), сараптамалық-бағалау қызметі (білім беру бағдарламалары мен материалдарының сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет).

Шешімі: 2025-2026 оқу жылына арналған ОӘБ жұмыс жоспарын ОӘБ-ға кіретін барлық құрылымдық бөлімшелер мен бейінді колледждер үшін басшылық құжат ретінде мақұлдау және қабылдау.

2. Екінші мәселе бойынша ОӘБ әдіскері Л.С. Казакованың баяндамасы тыңдалды. «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘБ) 2025–2026 оқу жылының І тоқсанындағы есебінің қызметін қамтиды. Негізгі жұмыс орман және су шаруашылығының тұрақтылығы, климат өзгерістеріне бейімделу және дуальды оқытуды дамыту мәселелеріне бағытталды. Есептік кезең ішінде үш ірі ғылыми-тәжірибелік іс-шара және бір республикалық конкурс ұйымдастырылып, өткізілді.

2025 жылғы 3 қазанында Орман шаруашылығы қызметкері күніне арналған орман туралы республикалық презентация байқауы өтті.

17 қазанда халықаралық қатысумен «Орман ісі: дәстүрлер және инновациялар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік фасилитациялық сессия өтті. Сессияда негізгі тақырып теория мен кемінде 60% практикалық дайындықты тікелей өндірісте интеграциялауды қамтамасыз ететін дуальды оқытуды енгізу болды. Баяндамалар арасында Ақмола облысының табиғи су айдындарындағы микропластиктің (негізінен талшықтардың) мөлшерін мониторингтеу бойынша Қазақстандағы алғашқы зерттеу ұсынылды.

23 қазанда экология мен тұрақты туризмге арналған «Бурабай – Қазақстанның інжу-маржаны» атты III Республикалық ЭкоТурBEST фестивалі өтті.

14 қарашада Орталық Азияның су ресурстарын сақтауға бағытталған «Су ресурстары: тұрақтылық және ынтымақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шешімі: Жұмыс қорытындысы бойынша инновациялық технологияларды (контейнерлік технология, сенсорлық жүйелер) енгізуді күшейту және білікті кадрлар даярлау үшін дуальды оқытуды дамытуды жалғастыру ұсынылды.

3. Үшінші мәселе бойынша «Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» оқу-әдістемелік бірлестігі (ОӘБ) басшысының орынбасары Н.В. Семкинаның баяндамасы тыңдалды.

Мақсаты және деректер базасын өзектендіру

1.	Мақсат: ОӘБ бейінінің («Қоршаған орта. Орман шаруашылығы») мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын колледждердің бірыңғай, өзектендірілген электрондық деректер базасын құру және жүргізу. Колледждер базасын қалыптастыру және жаңарту жұмысы ОӘБ Жұмыс жоспары шеңберінде жүргізіледі (3.1-тармақ – Колледждер базасын нақтылау, 3.2-тармақ – Электрондық базаға толықтырулар енгізу). Тиімді өзара іс-қимыл және үйлестіру үшін жаңартылған колледждер мен байланыстар базасы.	Деректер базасын қалыптастыру және оған толықтырулар енгізу жыл бойы жүзеге асырылады.
----	---	---

Базаның құрылымы және міндетті толтырылуы (сапалық құрамы).

Кадрлар даярлау сапасын қамтамасыз ету үшін дәстүрлі байланыстар мен мамандықтар базасын келесі негізгі индикаторларды қосу арқылы кеңейту қажет:

1.	Мамандықтар және лицензиялар: ОӘБ-ға кіретін мамандықтар бойынша лицензия алған колледждер туралы мәліметтерді қосу.
2.	Педагогтардың сапалық құрамы: арнайы пәндер оқытушыларының біліктілік деңгейі туралы деректерді жинау (санаттары, дәрежелерінің/атақтарының болуы, біліктілікті арттыру курстарынан өту, өндірістегі жұмыс тәжірибесі).
3.	Әлеуметтік серіктестер: әлеуметтік серіктестермен (кәсіпорындармен, ұйымдармен), практика базаларымен жасалған шарттардың болуы, белсенділігі және олардың тиімділігі туралы ақпаратты тіркеу.

Талдау және рейтингілеу үшін базаны қолдану.

Деректер базасы тек байланыс тізімі ғана емес, ОӘБ-нің талдау жұмысы үшін құрал болуы тиіс.

1.	Талдау құралы: ОӘБ бейіні бойынша колледждер белсенділігінің рейтингтік кестесін жасау үшін қажетті көрсеткіштерді қосу (3.5-тармаққа сәйкес).
2.	Түлектерді жұмысқа орналастыру: түлектерді мамандықтар бейіні бойынша жұмысқа орналастыру көрсеткіштері туралы деректерді колледж жұмысының негізгі тиімділік критерийі ретінде қосу.

3.	Әдістемелік Көмек: консультациялық және әдістемелік көмекке мұқтаж колледждерді анықтау үшін деректерді пайдалану (рейтингтік кестені талдау қорытындысы бойынша көмек көрсету үшін бару).
Ұйымдастырушылық іс-шаралар. Бірлесіп қол жеткізуді, жедел жаңартуды және деректерді талдаудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін (3.5-тармақтағы рейтингтік кестеде көзделгендей) Google-кесте сияқты электрондық форматты пайдалану ұсынылсын.	
1.	Жауапкершілік: деректерді базаға уақтылы енгізу және өзектендіру үшін жауапты тұлғаларды (ОӘБ басшысының орынбасары, әдіскер) тағайындау.
2.	Ақпарат жинау: деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін бейінді колледждерге таратуға арналған ақпарат жинаудың бірыңғай нысанын әзірлеу (сұраныс бойынша).

Шешімі: бірлесіп қол жеткізу, жедел жаңарту және деректерді талдаудың ыңғайлылығы үшін Google-кесте сияқты электрондық форматты пайдалану ұсынылды.

«Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» ОӘБ
Төрағасы

Әдіскер



Кожиков А.М.

Казакова Л.С.